



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

5 қазан-Мұғалімдер мерекесі

Құттықтау!

Ұстаздар ұлық жандар

**Құрметті ұстаздар қауымы!
Ардақты білім саласының ардагерлері!**

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытатын ұстазға деген халқымыздың құрметі қашан да ерекше. «Ұстаздық өткен жалықпас, үйретуден балаға» – демекші, ұстаздық – мәртебелі мамандық. Себебі ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастыратын ардақты тұлға.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты, әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек», - деп қазіргі заманда білім деңгейі жоғары ұлт қана жаһандану талаптарына жауап бере алатындығын атап өтті. Жыл сайын заманауи үлгіде мектеп пен балабақшалар тұрғызылып, оқу-тәрбие мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Мұны біздің аудан өмірінен де көруге болады. Биылғы жылы аудан орталығында «Жайлы мектеп» жобасы аясында 900 орындық Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің құрылысы басталды. Жаңа мектептің техникалық жарақтандыру үлесі 4 есеге ұлғайтылып, оқу кабинеттері интерактивті тақталармен және компьютерлермен жабдықталатын болады. Жайлылық пен тиімділікті қамтамасыз етіп, мектепшілік кеңістік ыңғайлы болу мақсатында бастауыш сыныптар, орта/жоғары буын оқушылары үшін жеке блок жасалады.

Бүгінгі таңда ауданымыздағы 35 мектепте 2236 мұғалім өскелең жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында аянбай қызмет етуде. Бірі облыстық, республикалық деңгейдегі кәсіби сайыстардан жүлделі орындардан көрінсе, енді бірінің шәкірттері түрлі байқау-жоба жарыстарынан жоғары көрсеткішке жетіп отыр.

Қадірлі ұлағатты ұстаздар!

Тәуелсіз қазақ елінің дамуына қосып келе жатқан еңбектеріңіз үшін баршаңызға шексіз алғысымызды білдіреміз!

Еліміздің атын әлемге танытатын білімді де, талантты шәкірттеріңіз көбейе берсін. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, қиындығы мол еңбекте тың табыстарға қол жеткізулеріңізге тілектеспіз!

**Ізгі ниетпен:
Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,
Аудан әкімі,
Жәмиев ОРДАБЕК,
аудандық мәслихат төрағасы.**



Мемлекет басшысы «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасын қабылдады

Президентке «Қазпошта» акционерлік қоғамының биылғы 8 айда атқарған жұмыстарының нәтижесі жөнінде баяндалды.

Атап айтқанда, компания шығындарды оңтайландыру, электронды коммерцияны және басқа да қаржылық қызметтерді дамыту есебінен соңғы 5 жылда алғаш рет шығыны аз, табысты мекемеге айналып отыр. «Қазпоштаның» 8 айдағы кірісі өткен жылдың осы ке-

зеңімен салыстырғанда 44 пайызға немесе 16,7 миллиард теңгеге артты.

Әсел Жанасованың айтуынша, еліміздің шалғай елді мекендерінде «Қазпоштаның» бөлімшелер желісін кеңейту жоспарланып отыр. Бұл пошта, қаржы, агенттік, әлеуметтік және мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысына «Қазпошта» акционерлік қоғамы электронды коммер-

ция нарығының субъектілері үшін бірыңғай экожүйе құрастыны жөнінде мәлімет берілді. Ол үшін компания фулфилмент орталықтарын дамыту, отандық және шетелдік танымал маркетплейстер үшін тапсырыстар беру пункттерін ашу, қоймалар мен поштамат желілерін кеңейту жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар Президентке Ақтөбе қаласында,

5

ҚАРАША

НОЯБРЯ

2023

Түркістан облысы Созақ ауданының

ӘКІМІН САЙЛАУ

ВЫБОРЫ АКИМА

Созакского района Туркестанской области

Бірқатар өңірде жылыту маусымы басталды

Еліміздің бірқатар өңірлерінде жылыту маусымы басталды.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, жылыту маусымы Астана қаласында, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында басталған.

Ведомствоның хабарламасында: «Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласында 24 әлеуметтік нысанның 23 немесе 96%-ы қосылған. Тұрғын үйлерге ыстық су берілді. Павлодар облысының Екібастұз қаласы бойынша 90 әлеуметтік нысанның 26 немесе



28,8%-ы қосылған. Астана қаласында 240 әлеуметтік нысанның 86 немесе 35,8%-ы қосылған», делінген.

3 қазанда Алматы облысында, 10 қазанда Ұлытау облысында, 15 қазанда Алматы, Абай облысында, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында жылытуға қосылу күтіліп отыр.

Жылыту маусымы Шымкентте 20 қазаннан, Түркістан облысында 25 қазаннан бастау жоспарланған.

«Созақ үні» - ақпарат.

Қоғамдық кеңесте

ЕЛ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ
ІСТЕР САРАЛАНДЫ

Өткен аптада аудан әкімінің кіші мәжіліс залында Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Кеңес мүшелері отырысын Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлы ашып, жүргізіп отырды. Қоғамдық Кеңес отырысына ҚР «Қоғамдық Кеңес туралы» заңының 7- бабының 6-тармағына сәйкес, шақырумен аудан әкімдігінің тиісті бөлім басшылары және БАҚ өкілдері қатысып отырды. Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде бірнеше мәселелер қаралды. Ол Созақ ауданының елді мекендерінде салық салу объектілерінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері туралы аудан әкімдігі экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков, Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстары, алдағы оқу жы-

ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың сегіз айында атқарған жұмыстары және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы есебі (ауыл әкімі Ф.Бимендиев) тыңдалды және күн тәртібіндегі соңғы мәселе «Sozak Oil and Gaz» акционерлік қоғамына жария сервитут белгілеу туралы аудан әкімінің қаулысының жобасымен танысты. Отырыс барысында кеңес мүшелері А.Нысанбаев, А.Сатыбалды, Р.Жақсыбергенов, Т.Жұмақов, Б.Саржан, І.Омаров, Б.Смақовлар есеп беруші бөлім басшылары мен ауыл, кент әкімдеріне өздерінің және елдің көкейлерінде жүрген сауалдарға жауап алды. Сонымен қатар, өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдірді. Кейбір кемшін тұстарды ауыл, кент әкімдері мен бөлім басшыларының назарына салып, тез арада түзеулерін назарға алды. Бөлім басшылары мен ауыл, кент әкімдерінің есебін тыңдау бары-



лына және қысқа дайындық жұмыстары туралы есебін тыңдау (Н.Айдаров), Таукент кенті әкімінің 2023 жылдың сегіз айында атқарған жұмыстары және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы есебі (кент әкімі С.Маманов), Сызған ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың сегіз айында атқарған жұмыстары және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы есебі (ауыл әкімі Х.Мейірбекұлы), Қаратау ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың сегіз айында атқарған жұмыстары және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы есебі (ауыл әкімі О.Нысанбекұлы), Қарақұр

сында Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстары, алдағы оқу жылына және қысқа дайындық жұмыстары туралы есебін тыңдап, қарар қабылдау барысында Қоғамдық кеңестің 2 мүшесі қалыс қалды.Сызған ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдап, қарар қабылдау барысында Қоғамдық кеңестің 1 мүшесі қалыс қалды. Қоғамдық кеңестің отырысын кеңес төрағасы М.Сапаров қорытындылап тиісінше қарар қабылдады.

«Созақ үні»-ақпарат.

ҚАРТТАР МЕН АРДАГЕРЛЕРГЕ
ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде 1 қазан-Халықаралық қарттар күніне арналған «Ата қайратты болса-бала ғибратты болады» атты мерекелік іс-шара өтті.

Салтанатты жиынға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков қатысып, ақсақалдар мен әжелерді құттықтады.

«Халқымызда «Қариясы бар ел-қазыналы ел» деген тағылымды сөз бар. Біз әрқашан қариясын қадірлеп, ардагерін ардақтаған текті елдің ұрпағымыз. Әркез алдыңғы буын аға-апаларымыздың ел дамуы жолындағы ерен ерлігі мен қажырлы еңбегін үлгі тұтамыз. Өйткені, ғұмыры ғибратқа толы ардақты ардагерлердің жүріп өткен жолы-өнеге мен тағылым мектебі,-деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы еңбек жолымен үлгі болып жүрген аға буын өкілдеріне алғыс хат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Сонымен қатар, қарттарға деген ізгі тілегін арнаған аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев, «Аманат» партиясының Созақ аудандық филиалының төрағасы Ернар Сағындықов қазы-



налы қарияларды аудандық мәслихат аппараты және «Аманат» партиясының алғыс хаттары мен марапаттады.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов бильярдтан аудан ардагерлері арасында өткізілген жарыста орын алған ардагерлерге арнайы диплом мен сый-сияпат табыс етіп, құттықтауын жеткізді.

«Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығында өткен спорттық сайысқа 70 жасқа дейінгі және 70 жастан асқан қариялар екі топқа бөлініп өзара бақ сынасқан болатын.

Дәлдік пен ептіліктерін, жақсы ойын өрнегін көрсеткен 70 жастан асқан ардагерлер арасында I орын Беков Құлахмет, II орын Сәрсен Кеңес, III орынды Нажимов Шубай иеленіп, 70 жасқа дейінгі ардагерлер арасында I орын Маханов Ерғали, II орынды Жасұланов Ержан, III орынмен Асханов Қондыбай марапатталды.

«Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымы мен өнерпаз ардагерлер және «Мыңжылқы» мәдениет үйінің әншілері халық әндерін орындалып, меркелік шара концерттік бағдарламаға ұласты.

ЖҰМЫСТАР ҚАРҚЫНДЫ ІСКЕ АСУДА



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Ақсүмбе, Сарыжаз, Шаға, Раң елді мекендерінде болып, тұрғындар сұранысына орай атқарылып жатқан жұмыстарды бақылауға алды. Онда аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев және салаға жауапты мамандар болды.

Аудан басшысы аралау барысында елді мекендердің орталық көшелерінде төселген асфальт жабындысының сапасымен таныс-

ты. Бұл жөнінде жауаптыларға жасалып жатқан жұмыстар мен жүктелген тапсырмаларға тиянақтылықпен қарауды ескертті. Сондай-ақ жұмыстың сапасын ауыл тұрғындарымен бірлесе қадағалау керектігін айтты. Тұрғындармен пікір алмасып, ұсыныстарын тыңдады.

Бүгінде Ақсүмбе елді мекенінің Қалмырзаұлы және Сапарбай көшелеріне 2,3 шақырым, Сарыжаз және Раң елді мекендерінің орталық көшелерінде асфальт жабындысын төсеу жұмыстары аяқталып, ел игілігіне берілді. Бұл бағыттағы жұмыстар Шаға елді мекенінің 1,5 шақырымды құрайтын Шаға көшесінде жалғасуда.

Айта кетейік, биылғы жылы ауданда «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы бойынша 22,4 шақырымды құрайтын 18 көшеге, жергілікті бюджеттен 11,6 шақырымдық 11 көшеге асфальт жабындысын төсеу жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде аудан бойынша 403 шақырымды құрайтын елді мекендердің ішкі көшелерінің 239 шақырымы (59%) асфальт болса, биылғы жылдың қорытындысымен 266 шақырымға (66%) жеткізу жоспарланып отыр.

БИЛЬЯРДТАН ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен аудан ардагерлері арасында бильярдтан жарыс өтті.

Аудан орталығындағы «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығында өткен спорттық сайысқа 70 жасқа дейінгі және 70 жастан асқан қариялар екі топқа бөлініп, өзара бақ сынасты.

1 қазан-Халықаралық қарттар күні мерекесіне арналған турнирді аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ашып, қарияларға ізгі тілегін арнады.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов жарыстың шарттарымен таныстырып, қатысушы ардагерлерге сәттілік



тіледі.

Аталған спорт сайысында ардагерлер турнир басталған сәттен дәлдік пен ептіліктерін көрсетіп, жақсы ойын өрнегімен жарыс көрігін қыздыра

түсті. Жарыс жеңімпаздары арнайы диплом және сыйлықтармен марапатталады.

Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 1 қыркүйек күнгі кезекті Қазақстан Халқына Жолдауынан бері арада толық бір ай уақыт өтіпті. Сонан бері отандық БАҚ тар мен әлеуметтік желілердің барлығы жолдау жайлы жарыса жазып, түрлі сала мамандары талдап, қолдап жатыр. Әрине, бұл үдерістен біздің аудандық «Созақ үні» газеті де қалыс қалмады. Қазақстан Халқы үшін маңызды жолдауға үн қосуды жөн көріп отырмын. Сонымен, Президент өз жолдауында 9 бағытқа басымдық берді және бұлардың барлығы да Қазақ мемлекетінің эконо-

кететіні де жасырын емес. Міне, осы реттегі біздің ауданымыз секілді барша донор облыс-аудандардың халқының алаңдаушылығы ханның құлағына жетсе керек, кешегі, қыркүйектегі жолдауында: Өнеркәсіп саясатын дамыту; әртүрлі деңгейдегі әкімдіктерге экономикалық дербестік беру сынды біз секілді өндірісті өңірлердің халқының құлағына жағымды жаңалықтарды айтып қалды. Сондай-ақ, ел экономикасын дамытуды, жай ғана дамыту емес, қарыштата дамытуды алдағы үш жылдың ішінде жедел жүзеге асыру керектігін баса айтты. Егер ел

лақының деңгейінің енді 85 мың теңгеге көтерілгенін қосыңыз. Иә, бұл 85 мың теңгеге ауыл халқы қуанар еді, егер, базардағы азық-түліктің, күнделікті тұтынатын тауарлардың және коммуналдық төлемдердің ақысының бәрін болмаса да бір жетпіс пайызын жапса. Алайда, жаппақ түгілі, жыртқышымызды да жамамай қалды ғой. Жә, бұл 85 мың теңгенің жетпейтіндігін айтқандардың алды да соңы да мен емес екенімді өздеріңіз де жақсы білесіздер. Парламент мәжілісінің депутаты Ринат Зайытов тиісті үкімет мүшелерінің қарсысына отырып,

Теріскейліктерге тегін көмір үлестірілді

Оқырмандарымыздың есінде болса, жылда дәстүрлі түрде ауданымыздың ауыл-кенттерінде аз қамтылған отбасыларына өндіріс орындарының деу-мешілігімен тегін көмір үлестіріліп жүр. Осы ретте, биыл да, қыркүйек айының соңғы аптасында Шолаққорған ауылының аз қамтылған 378 отбасына «Инкай»



БК ЖШС-нің демеушілігімен 2 тоннадан тегін көмір берілді. Сол себепті де Шолаққорған ауылының әкімі Әділ Елібаевтың сұрауымен «Аманат» Партиясының ауданымыздағы бөлімшесінің төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаты Ернар Сағындық пен аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі, «Ел Мүддесі» ҚБ-нің төрағасы Данияр Бек қоғамдық бақылаушы ретінде игі істің басы-қасында жүрді. Көмірді көрдік, жылдағыдан тәуіррек көрінді. «Инкай» БК ЖШС-і демеушілік жасап үлестірген қатты отынды тарқату құқығын былтырғыдай, биыл да сол Ауесхановтар әулетіне тиесілі тұйықтың иелері ұтып алыпты. Тұйықтың иесі, кәсіпкер Ауесханов Нұрлан Ержанұлы да жылдағы әдетімен өз тарапынан 22 тонна бөліп, аз қамтылған отбасыларға үлестірді. Нәтижеде, Шолаққорған ауылы бойынша бар-жоғы 400 отбасы тегін көмір түсіріп алды. Ендеше, «Инкай» БК ЖШС-нің жұмысына және Ауесхановтар әулетіне ризашылығымызды білдіріп, еңбектеріне табыс, береке тілейміз!

Данияр ҚОЖАНТЕГІ.

Жолдауды Созақтық қолдау

микасы үшін өте маңызды бағыттар болып табылады. Міне, осы басым бағыттардың ішінен мен бүгін біздің Созақ ауданының экономикасы үшін маңызды мынадай бағыттарға тоқталғым кеп отыр:

Біріншісі: Өнеркәсіп саясаты;
Екіншісі: Аграрлық сектор және азық-түлік қауіпсіздігі;

Үшіншісі: Инфрақұрылымды жаңғырту;

Төртіншісі: Орта кәсіпкерлікті және бәсекені дамыту;

Ендігі неге нақ осы 4 басым бағытқа тоқталғанымды жеке-жеке талдап, түсіндіруге тырысып көрейін.

Созақ ауданының өнеркәсіп саясаты

Өздеріңіз де жақсы білесіздер, кешегі Кеңес заманында біздің Созақ ауыл және мал шаруашылықты аудан ретінде қарастырылып келген. Оны қазір тәтпіштеп айтып отырдың қажеті жоқ деп білемін, себебі, бұл жайында мен сіздерден аз білмесем, көп білмеймін. Әрине, ол заманда да ауданымыздың аумағынан Тауекент және Қыземшек секілді шағын кеншілер кенттері салынып, өңірімізде Уран өндірісі қолға алынып, жолға қойыла бастаған болатын. Алайда, елміз егемендігін алған 90 жылдардың басынан бері Созақ ауданын барша Қазақ елі өндірісті өңір ретінде танып келе жатыр. Әлбетте, біз мұнымен мақтанамыз. Өйткені, өзге аудан, облыстарға қарағанда мың жерден шөлді-шөлейтті ауданға жатсақ та, Қазақ елінің ішінде Созақ жұрты қойны-қонышы қазынаға толы Қаратау-дай киелі тауға және қойнауы Уран мен газға, мұнайға т.б байлыққа толы құмдар мен жалдарға иеміз. Сол себепті де Созақ ауданы Түркістан облысының бюджетінің 60 пайызын беріп отыр деп, үлкен мақтаншыпен айта аламыз. Әрине, бұл жөнінде нақты білмесек-те Созақ жұртшылығының іштей бір есебіміз бар болатын. Дегенмен, осыдан бірер ай бұрынғы Теріскей жұртшылығымен болған есепті-кездесуінде бұл ақпаратты облыс әкімі Дархан Амангелдіұлы Сатыбалдының ауызынан есту, созақтықтарды кәдімгідей арқаландырып жібергені жасырын емес. Қазір әрбір екі-үш адам бас қосқан жерде мақтаншыпен айтып қалатын өзекті тақырыптың бірі осы боп жүр. Алайда, бұл 60 пайыздың түгелімен аудан бюджетіне құйылмайтынын, өңіріміздің әлеуеті мен экономикасын арттыруға кең көлемде жұмыс жасамайтыны есімізге түскенде аудан басшысынан бастап, еңкейген қарт, еңкейген балаға дейін еңсеміз түсіп

экономистерінің сөзіне құлақ ассақ: «Алғашқы бір жылдықта ішкі жалпы өнімді 2-3 үсеге арттырған жағдайда халқымыздың 40 пайызының әлеуеті кәдімгідей артатын көрінеді. Ал, екінші жылдықта ІЖӨ 4-5 пайызға артатын болса, онда халқымыздың 60 пайызының жағдайы жақсаратын екен. Ал енді, Мемлекет басшысы айтқандай дамудың үшінші жылында еліміздің ішкі жалпы өнімі 7-8 пайызға артса, қазақстандықтардың 90 пайызы кедейшіліктен құтылып, дамыған елдердегідей молшылықта өмір сүретінге ұқсаймыз. Әлбетте, бұл енді әзірше стратегиялық жоспар түрінде ғана тұр. Ендігі жерде жұртымызға мұның қалай жүзеге асатыны қызықты. Әрине, бұған жауапты ел үкіметі сөзбен ғана емес, іспенен берер деген бек сенімдеміз. Олай дейтінім, сонау біздің елімізді ғана емес, әлем елдерін әртүрлі сарсылтып, сергелдеңге түсірген пандемия уақытында еліміздегі ең төменгі жалақының көлемі 42 мың 500 теңгені құраған болатын. Бұған наразы болған халықтың алаңдаушылығының негізді екенін ұққан Президент кезекті бір Жолдауында: «Еліміздегі ең төменгі айлық жалақының деңгейін екі есеге көтеруіміз тиіс» деген еді. Мінеки, сонан бері арада екі-үш жыл өтті, Мемлекет басшысы сөзінде тұрып, еліміздегі ең төменгі жалақы дәрежесінің деңгейін екі есеге арттыратынын кешегі, қыркүйектегі жолдауында мәлімдеді және көтерді. Тағы да айналамызға бір қарайықшы, бұдан бірер жыл бұрын елімізде айлық жалақысы ең төмен мамандық иелері мұғалімдер мен мемқызметкерлер, дәрігерлер және полицейлер болатын. Қазіргі таңда ауылдағы мұғалімдердің алды 600 мың теңгеге дейін, тіпті, онан да жоғары алады. Оның үстіне, Президент тағы да сөзінде тұрып, «Мұғалім мәртебесі» туралы заңның қабылдануына да ықпалын тигізді. Қарап отырсаңыз, Мемлекет басшысының ел экономикасын дамыту жөніндегі стратегиясы тықыр-тықыр жұмыс істеп келеді. Алайда, халқымыздың басым көпшілігі үшін алаңдауға негіз болатын жәйттар да жоқ емес. Айтайын дегенім, ел халқын тек, мұғалімдер мен мемлекеттік қызметкерлер, дәрігерлер және полицейлер құрамайды ғой. Зейнеткерлер мен студенттердің, мүгедектер мен олардың қараушыларының және көпбалалы аналардың, аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік төлемдерінің көлемі өте төмен. Оған ең төменгі жа-

қағаз-қаламы мен колькуляторын қолына алып, қағып-қағып жіберіп, есептеп те берді. Бұнысын бүкіл халық боп қолдап та жібердік. Президенттің пәрмені бар (алдағы үш жылда ішкі жалпы өнімді үш есеге көбейту жөніндегі), Парламент мәжілісінің депутаттарының пиарлық па әлде жанқярлық па белгісіз әрекеттері бар, билік бірдеңесін қылар енді. Біз не қыламыз? «Біз» деп отырғаным, Теріскей топырағында тұрмыс кешіп жатқан сіздер мен біздер. Бұқара мен біз бар болғаны менеджер ретінде ұстап отырған жергілікті билік (Аманат фракциясының хатшысы Елнұр Бейсенбаевтың сөзімен айтып отырмын). Олай дейтінім, Мемлекет басшысы соңғы жолдауында мүмкіндік атаулының бәрін жаратып берді. Енді тек сол мүмкіндіктерді қаншалықты пайдалана алатынымыз немесе алмайтынмыз сіз бенен бізге байланысты. Сөзімді қорыта айтар болсам, жоғарыда жолдаудың басым 9 бағытын, оның біздің ауданымызға келетін қатысы бар төртеуін келтірген едім ғой. Солардан «Өнеркәсіп саясаты» деп аталатын бағытын басшылыққа мықтап қолға алуымыз керек. Өйткені, облыс бюджетінің 60 пайызын беретін донор аудан ретінде біздің бұған толықтай мүмкіндігіміз бар. Тек, Президент қадап айтқандай бұдан былайғы жерде шикізат өндіруші ауданнан сол өнімді өңдейтін өңірге айналуымыз қажет. Сосын, өндірістерде жұмыс істейтін жерлестеріміздің үлес салмағын арттырып, кәсіпорындарда тұтынылатын азық-түлік, тұрмысқа және жұмысқа қажетті тауарларды өндіретін және сол өндіріс орындарына өткізетін өңірге айналуымыз қажет. Әрине, көзімнен көрген жоқпын. Дегенмен, сол өндіріс орындарында жұмыс жасайтын жерлестеріміздің айтуынша, нәйеті ауыз судың өзін әлгі кәсіпорын иелері сырттан алдыратын көрінеді. Сонда қалай, сол, сырттан келетін «Тассай», «Бонакуо» сынды т.б ауыз сулар бізде жоқ па? Сондай-ақ, сол өндіріс орындарындағы жұмысшылар киетін киімдерді тігуге, уран өндірісіне пайдаланатын полиэтилен трубалар секілді дүниелерді біздің ауданымыздың халқы өндіре алмайды ма? Айта берсең әңгіме көп, менің мына мақалам Мемлекет басшысының жолдауы секілді бірнеше бағыттарды қамтитын бірнеше беттен тұратындықтан бүгінгі айтар ойымды осы жерден бір қысқа қайырайын!

Данияр БЕК.
(Жалғасы бар).

Көпшіліктің көңіл кілтін тапқан кітапханашы

Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіндегі «Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана» жобасы іске қосылды.

Жылжымалы кітап пункті «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам орталығында да ашылды. Мұнда Балтабекова Айман Ерубайқызы қызмет атқарады. Ол орталық кітапханада 2009 жылдан бері зағип



және мүмкіндігі шектеулі жандар мен қарттармен жұмыс істейді. Жаңадан ашылған жылжымалы пункт кітапханасының сөрелерінде көркем әдебиет бағытындағы кітаптар және мерзімді басылымдар сондай-ақ, соңғы кезде сұранысқа ие болып жатқан мотивациялық кітаптар қойылған.

Келушілерге яғни кітап оқырмандарына Айман Балтабекова сапалы қызмет көрсетуде. Қандай шығармалар тартымды екендігін таныстырып, кітап оқырмандарын қызықтырып, көркем әдебиетті көп оқуды насихаттауда көп еңбек сіңіріп жүр.

«Кітап-білім бұлағы» демекші рухани азық алуға қызықтыру да өнер. Айман-оқырмандарын кітапқа үйір етудің тілін тапқан кітапханашы. Сосын келушілермен өте сыпайы қарым-қатынас жасайды. Көпшіліктің көңіл кілтін тапқан кітапханашыға еңбегінің жемісін көре бер дейміз.

Нұрхан ЖАҚСЫЛЫҚ.

БАСБҰЛАҚТЫҢ БАТАЛЫ ҚАРИЯСЫ

Халқымызда «Көп жасаған қариядан емес, көпті көрген кісіден сұра» деген тәмсіл бар. Сонау Қозмолдақ ауылының Басбұлақ атты атауы да, өзі де алыстан көз тартар, мен мұндалап өзіне шақырып тұрғандай, ауылдың басты бұлағы-Басбұлақтың баталы қарты, көпті де көрген, көп те жасаған ақсақалы Шоңбаев Маханбет көкемізбен жиын-тойларда, ас пен мерекелік шараларда жиі ұшырасамыз.

-Мақсатжан, мемлекеттің іргесі мықты болуы әрине сапалы білімде. Білімнің әр жағында әдеп, тәрбие, патриоттық сана-сезім, жігер мен қуат жатқаны белгілі. Ал сол білімді беретін басты фактор ол ұстаз бен мектеп. Менің барлық саналы ғұмырым тек мектеп пен бала тәрбиесі жолына арнаумен өтті. Ауданның барлық ауылдарында жаңа мектептер салынды, жаңа балабақшалар салынды. Бірде бір ауыл билік назарынан тыс қалған жоқ. Көше болсын, спорт алаңшасы болсын, жолдар мен аяқжолдар болсын әйтеуір ел игілігіне қажетті құрылыс жүргізілгені ақиқат. Кешегі зобалаң жылдары егемендік аламыз, осындай зәулім ғимараттар мен әсем ауылдарды көреміз деп ойладық па!

Елімізде жүргізілген түрлі мемлекеттік бағдарламалар негізінде ел мен ауылдар жасарды, жаңарды. Жақсылықтар күн санап арта түсті. Жаңа ғимараттарда тәрбиеленіп, білім алған оқушылардың, балалардың саналары да өзгеше болып жетіледі -дейді Басбұлақ ауылының тұрғыны, ардагер ұстаз Маханбет Шоңбаев.

Қадірменді қарияның білім саласындағы айтылған түйінді ойлары мені ол кісінің өзімен еркін әңгімелесуіме жетеледі. Орайын күттім. Өткен жылы Сызған ауылындағы Маханбет көкеміздің өзі басқарған Құрал Рүстемов атындағы орта мектебінде теріскейлік қаһарман ұшқыш, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері, гвардия лейтенанты Құрал Рүстемовтің 100 жылдығына орай үлкен мәдени-тағылымдық іс шара өткен болатын. Сол шарадан кейін жарқыраған, әсем сыныптың біріндегі су жаңа мектеп партасында отырып, ол кісіні әңгімеге тарттым.

-Бүгінде мен тоқсан жастан астым. Сол торқалы жастың 38 жылын білім саласына арнаппын. Сегіз жасымда соғыс басталды. Он үш жасымда Ұлы Отан соғысындағы Жеңісті, майданнан оралған жарымжан әкелерді, қаралы қағаз торлаған қайғылы шаңырақтарды, жылаған жетімді, күйзелген жесірді, өз көзімен көрдім. Солардың бірі өзіммін. Ерте есейдік. Ерте үйдің тірегі атандық. Білімге құштар болдым. Көзім ашылғалы біліммен келемін. Содан қуат аламын, содан жігер аламын. Білімділерді, ұстаз деген тұлғаны ерекше тұлға санадым, пір тұттым десем де болады. Сол арманның жетегінде жүріп Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы университеттің филология факультетін тәмамдадым. Қарапайым ұстаздықтан мектеп басшылығы қызметтеріне дейін сатылап, ауданның Абай, А.Иманов, Қ.Рүстемов, Ф.Мұратбаев атындағы орта мектептерінде ұстаздық еттім. Дүние, байлық құмадым.

Осы елдің перзенті болған соң, көкірегіміз ояу, көзіміз ашық азамат ретінде бізді алаңдатқан мектеп мәселесі туралы ел ішінде жиі айтылып жүрген өзекті мәселені аудан көлемінде көтере отырып 2005 жылы 24 тамызында Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей эфир кезінде ауыл тұрғындары атынан Басбұлақтағы балалардың мұқтажын айта отырып, мектеп салып беру мәселесін жеткізгені бар. Маханбет көкеміз-

дің әрбір ісі өнегелі болғанда, сөзі салмақты. Сол уақыттағы аудан әкімі С.Әбдіқұлов, аудандық мәслихаттың хатшысы А.Аймұрзаев: «Ақсақал, ойдағы жүрген мәселені жақсы қозғайдыңыз», - деп алғыстарын білдірді. Ол өтініштің жауабы Президент әкімшілігі арқылы Оңтүстік Қазақстан облысының білім департаментінің басшысынан жауап келді. Жауап хатта мектеп құрылысын салуға бала саны жетіспейді, оларды оқытардай құрал-жабдықтар жоқ, бала тасымалына автокөлік пен жанар-жағар май бөлінетіні, «қаралып жатыр», «шешілетін болады» деген сарында жазылған. Әрине, жоғары да айтып өттік ғой, ауылға мектеп оңайлықпен салына салған жоқ. Бүгінде сол бастауыш мектепті ел болып пайдасына асырып отыр. Одан 2005 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың хатшысы Ш.Мырзахметовке, 2008 жылы тағы да Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланған Шалатай Мырзахметовке ауыл тұрғындары атынан хат жолдадық. Ол хатта «2009 жылы облыстық бюджеттен қаржы қаралып, мектеп салынатын болады» деген екі ұшты жауап келді. Ақырында осы ауданның төл перзенті, Берік Қуанұлының аудан әкімі болып тағайындалуынан кейін алғаш есеп беруінде сағыздай созылған осы мәселені қайта көтердік. Ол кісі бір ауыз сөзге келмей үдесін бере отырып, 2011 жылы жергілікті бюджеттен 110 млн 638 мың теңге бөлігізіп, осы мектепті өзі бастап, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде сапалы аяқталуын бақылай отырып салтанатты жағдайда жаңа ғимараттың кілтін тапсырды. Алдын 2008 жылы ауылдан фельдшерлік акушерлік бекеттің, 2010 жылы ауылдық кітапхананың ашылуына мұрындық болдым. Ондағы нәрсе ауыл қариясы болған елдің келешегіне алаңдаймын. Өзіммен ертең ешнәрсе алып кетпеймін ғой. Бүгінде ауыл тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Сол жолы өзің көрдің елдің көңілі арқа-жарқа коммунизмге жетіп қалдық деген кеңестің кезеңінде бол-



туылған.

1953 жылы Ащысай кенішіндегі М.Горький атындағы орта мектепті бітіріп, 1955 жылдың наурыз айында мұғалім кадрларының жетіспеуіне байланысты Созақ ауданындағы «Тасты» жеті жылдық мектебіне мұғалім болып орналасады. Сол 1955 жылдың тамыз айында Алматыдағы С.М.Киров атындағы университетінің филология факультетінің сырттай оқу бөліміне түсіп, 1961 жылы бітіреді. 1956 жылы 24 тамызда «Сызған» жеті жылдық мектебінде, 1959 жылы Калинин атындағы совхоздың Абай бөлімшесіндегі «Октябрь» жеті жылдық мектебінде, 1962 жылы «Сызған» сегіз жылдық мектебінде өз мамандығы бойынша жұмыс істейді.

1963 жылдың қыркүйегінен бастап мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлығына тағайындалады. Бұдан кейін мектеп жанындағы интернет меңгерушісі, директордың орынбасары сияқты басшылық жұмыстарында істейді. 1979 жылдан бастап Фани Мұратбаев атындағы орта мектепке басшылық жасайды. Бір мектептегі отыз жылдан астам бас-

жылдығына байланысты аудан әкімінің «Алғыс хатымен» және 2012 жылы Оңтүстік Қазақстанның 80 жылдығына байланысты «Оңтүстік Қазақстанға еңбегі сіңген» медалымен марапатталады. «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. Созақ ауданының Құрметті азаматы.

Мектептегі оқушылардың оқу үлгерімі мен тәртіп, тәрбие және мектеп құрылыстарындағы сапалы көрсеткіштері үшін үш рет Социалистік жарыстың жеңімпазы, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» атанды. Түрлі деңгейдегі мадақтама, марапаттаулардың болса да иегері. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін, яғни 1991 жылдан бастап ұйымдастырған отбасылық шаруа қожалығына балалары басшылық жасап келеді. Бұл игілікті істі жалғастырған Махаңның ұлы Қоныс:

-Әкеміз ұзақ жыл мектеп директоры болды. Содан 1994 жылы зейнеткерлікке шыққанда: «Балаларым, менің тәжірибемді пайдаланып қалыңдар. Сендерге жаңа заманға сай бір іс бастап берейін»-деді. Содан заңды шаруа қожалығын құрдық. Әкем мені төраға сайлап қойды. «Басыңды көтеріп жүр. Менің атымнан сөйлей бер. Жасқанба!»-деп жігер беріп отырады. Зейнеткер жасындағы кісінің қайраттылығына қайран қалып өсіп келеміз,-деді шаруа жайын жақсы білетін азамат.

-Аллаға шүкір, табыстары да дәулеті де жаман емес, мемлекеттік тіркеуде тұрады. Ендігі қалған өміріміз аз ба, көп пе оны бір Алланың өзі біледі. Дастархан басында Алланың аятын оқып, бата жасаймын. Әңгіме-міз имандылық, халқымыздың салт-дәстүрі, адами құндылықтары, елдің береке бірлігі, ынтымағы. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ә.ғ.) хадистерін (тұнып тұрған тәрбие) насихаттау өзімнің Алла алдындағы парызым, міндетім деп білемін,-дей қария салмақты да сабырлы қалпынан айнымай. Маханбет көкеміз бен Зылиха апамыздың отбасында өрбеген 6 ұл мен 7 қыздан 48 немере 41 шөберенің қызығын көріп отырған жайы бар. Апамыз өмірден ертерек озып кетті.

-Өз есебімше ауылда бүгінгі күні қырық бестен аса шаңырақ бар. Онда үш жүздей адам тұрады. Олардың денсаулығын қарайтын мед пункт ашқанбыз. Қазір ол фельдшерлік-акушерлік пунктке айналды. Жастардың басын, өнерлі өрендердің уақытын тиімді, әрі көңілді өткізетін клуб керек. Оның жанынан кітапхана ашылып жатса, кәнеки?! Айта берсек, ауылға деген жанашырлық кішкентай тірліктің өзінен байқалады ғой. Қол өнер бұйымдарын жасайтындар, нағыз тоқымашы, ұлттық нақышты сәніне келтіретіндердің бәрі-ауылда. Сол салт-дәстүр, әдеп-ғұрып сабақтас-тығы үзіліп қалмауы керек. Көнекөздер басқосып қалғанда осыны айтамыз. Құдайға шүкір, тыңдар құлақ әзірге бар. Өзім қатарлы қариялар бүгінде өзгелерге үлгі-өнеге болып жастарға тәлім-тәрбие берумен қатар табиғаттың «жасыл-өкпесі» тал-теректі молайтып, туған жерді түлету тусуға тер төгіп жүр. Кейінгі буынның да жетекшілері жалынды да арынды! Осыған қуанып отырамын,-деді Махаң кең тыныстап.

Білім саласының ардагері, кешегі мен бүгінгі алтын көпірі, ардагер ұстаз Маханбет көкеміз тоқсан жастың тоқсасына ілігіп отыр. Мерей жасыңызбен қат-қабат келген ұстаздар күні мерекесі құтты болсын қадірменді қария!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



маған, тіпті ата-бабасы есігінен енбеген ғажайып мектеп салынды. Елдің ертеңімізге деген құлшынысы артты. Сенімі нығайды,-деді қария ішкі қуанышты толғанысын жасырмай.

Расында пайдасы бір басынан аса алмайтын пенделердей «сен тимесең мен тимен бадыраң көз» деп өзін ғана күйттемей ел пайдасын ойлаған Маханбет көкеміздей қариялардың баянды бастамалары мен ізгі істері, шаралары жас ұрпаққа өнеге болары ақиқат.

Шоңбаев Маханбет көкеміз 1933 жылы қазан айының 13 жұлдызында Созақ ауданының Молотов ауыл советіне қарасты Алмалы колхозында

қару басшылық жұмыстарындағы еңбегі бағаланып, «Қазақстан Республикасының білім беру ісі үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Бұлардан басқа әр жылдары социалистік жарыстың жеңімпазы атақтары, оған берілген мақтаулар жетерлік.

Екіншіден 1941-1945 жылдардағы аса қиын соғыс кезінде он жасында қоғамдық еңбекке араласады. Осы еңбегі ескеріліп «тылда еңбек еткендер» қатарына қосылды.

«1941-1945 жылдардағы Жеңістің 60 жылдық» және «1941-1945 жылдардағы Жеңістің 65,70 жылдық» мерекелік медальдарымен, 2011 жылғы Қазақстан Тәуелсіздігінің жиырма

Сауапты іс қалдыру парасатты жандардың адамгершілік қасиеті, мұсылмандық парызы. Жуырда Жартытөбе ауыл әкімдігіне қарасты Аққолтық елді мекенінің тұрғындары Байнәев Жолдасбек әулетінің ұрпақтары игілігі, тағлымы мол, сауапты іс жасап, елге ас берді. Тарқатып айтар болсақ; Аққолтық елді мекенінің жоғары жағындағы, яғни тау ішіндегі қасиетті бұлақтың басына Қызылкөз әулиенің кесенесін тұрғызып, әруақтарға ас беріп, елдің алғысын алды. Алланың қалауымен Қасиетті Қызылкөз әулиенің бұлағын көріп, шипа суынан ішіп, ниет ету маған да бұйырды. Сауапты іс иелері тау ішіндегі қара жолды тегістеп қойыпты. Шаңды бұрқыратып бірнеше автокөлікпен қасиетті бұлаққа лезде жетіп бардық. Тау ішінің мамыражай көрінісі, дала шөптерінің, жусан мен изеннің иісі мұрынды жарып, көңілге ерекше кеңдік бергендей болды. Тау бөктерінен бұр жарған қасиетті бұлақтардың қайнар көзінен су ішіп, тынысымыз ашылып, сергіп қалдық. Үлкен жиделі ағаш құлашын еркін сермепті. Дәу қара талдың астында әулиенің бейіті белгісі тұр. Әулие осы талдың астына жерленген екен. Бұлақтың



Қызылкөз әулие кесенесі тұрғызылып, әруақтарға ас берілді

айналасындағы түрлі емдік шөптердің, жалбыз, киік оттың иісі жанымызға жағып, жадырап қалдық. Бұлақтың суы өте жұмсақ екен, іше бергің келеді...

Сонымен Қызылкөз әулие туралы деректер ел аузынан жинақталған. Қызылкөз әулие туралы деректі жазу кетейін. Қызылкөз әулие Аққолтық елді мекенінің жоғарғы жағында, таудың бөктерінде орналасқан. Басында қара тасты қақ жарып,

дағы елдің әулиеге құрбандық шалып, дұға оқып, тасатқы беріп, жаңбыр тілейтін дәстүріне айналған. Ел түсінігіне қарағанда Қызылкөз әулие мекені түрлі сырқаттарға ұшыраған балалар мен үлкендерге, күш жігер, қайырымдылық пен имандылық сыйлаушы әулие жайға айналған, бұлақтың суы ем болған деседі.

Аққолтық елдімекеніне келетін су сол бұлақтардан бастау алады. Көне көз қариялардың айтуы бойынша тоқырау заманында әулиенің басындағы қара талды шауып, отқа пайдаланбақшы болған кезде, қара талдың балта тиген жерінен қан шыққан деседі. Сонымен қатар, құрғашылық кезде ауыл тұрғындар жиналып, әулиенің басына барып, Алладан жаңбыр сұрап тасаттық беріп, тілектерінің қабыл болып жаңбырдың құйып жауғанының куәсі болған азаматтар көп. Бірақ, бұл үрдіс кейінгі 15-20 жылда ұмытылып, Қызылкөз әулие ескерусіз қалған. Осы жағдайды ескеріп, «өлі риза болмай, тірі байымас» деген аталы сөзбен ескелең ұрпаққа өнеге болу мақсатында, Жолдасовтар әулеті Қызылкөз әулиенің басына кесене тұрғызды.

24.09.2023 жылы Жолдасовтар әулеті тарапынан әкелері Бәйнәхлы Жолдасты ес-

ке алу және Қызылкөз әулие кесенесінің тұрғызылуына арнап үлкен ас берілді. Кесененің ашылу лентасын Жартытөбе ауылының батагөй қариясы Қонарбеу Жәміш пен көп жылдар мемлекеттік қызметте істіген, оның ішінде Шымкент қаласы, Абай ауданының әкімі, қала әкімшілігінің департамент басшысы болып, қызмет атақарып, бүгінгі күнде зейнеткер Татыбаев Ахмет Өтегенұлы қиды. Кесененің ашылу салтанатына аудан, ауыл әкімдігінің, өкілетті орган өкілдері, және ауыл тұрғындары қатысып, қайырымы мол сауапты іс жасап, ас берген марқұм Бәйнәхлы Жолдасов қарияның ұрпағына ізгі ниет тілектерін білдірді.

Бәйнәхлы Жолдасов ауданы, Жартытөбе ауылы, Майтөбе колхозында 1937 жылы дүниеге келген. Жартытөбе совхозы құрылғаннан бастап, сол ұжымда есеп жүгіруші, шаруашылық ісінің меңгерушісі болып, зейнетке шыққанға дейін 40 жылдан астам уақыт елге қызмет атқарған. Жұбайы Сейділдаева Маржанкүл екеуі он бір баланы дүниеге әкеліп, оларға парасатты тәлім тәрбие беріп, әр салада елге қызмет жасауға баулып, жеткізген. Маржанкүл әже, кеңес одағы кезінде «мать героиня» медалін, ал еліміз егемендік алғаннан кейін «Батыр ана» медалін алып, екі дүниесін бірге алып жүрген қажы, әрі батыр ана.

Жолдас ата мен Маржанкүл әжеден тараған бес ұл, алты қыз бүгінгі

күнде қоғамның әр саласында белсенді қызмет етуде. Атап айтсақ, тұңғыш қызы Түймекүл құрметті еңбек демалысында болса, Әтіркүл, Алыпбай, Мұхтар, Нұрқанат кәсіпкерлікпен, оның ішінде құрлысы, әлеуметтік қызмет көрсету (балабақша, спорт кешені, демалыс орыны), мал шаруашылығы саласында еңбектенуде. Одан кейінгі Алтынкүл, Айжан, Балажан, Бағила оқу білім, ағарту саласында абыроймен қызмет етуде. Ортаншы ұлы Болатбай 25 жылдан артық прокуратура саласында қызмет етіп, зейнеткерлікке шығып, бүгінгі таңда адвокат болып қызметін жалғастыруда. Ал, қара шаңырақтың иесі Қайрат, Аққолтық ауылында «Бибарыс» шаруа қожалығының төрағасы болып, ауыл шаруашылығының дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген белгілі азамат.

Жолдасовтар жанұясы өсіп-өнген үлкен әулет. 85 жастағы Маржанкүл әже бүгінде он бір ұл-қызынан тараған Алланың берген 39 немересі, 41 шөбересін сүйіп, елге қариялық, аналық ақыл кеңесін беріп, елді ынтымақ бірлікке шақырып отырған ардақты ана. Ел ішінде сый құрметке ие, өзіндік адами қасиеттері жоғары, қайырымды, сауапты істерге жандары жақын Бәйнәхлы Жолдасовтар ұрпағына Алланың нұры жаусын. Қасиетті бұлақтың басынан бой көтерген Қызылкөз әулие кесенесінің шапағаты елге тисін. Қасиетті бұлақтың суы тіршілік иесіне нәр берсін.

Айта кету керек, бұлақтың айналасы сым шарбақпен қоршалған екен. Мал таптап кетпес үшін. Оны да сол ауылдың жігіттері ұйымдастырған деседі. Алайда, сол қоршауды қайта қолға алу қажет сияқты. Сонымен қатар әулиеге барар жолға тас төселіп, тегістеп қойса нұр үстіне нұр болар еді.

Қазақтың дархан даласында Әулие әмбиелеріміз Аллаға шүкір баршылық. Қазақ өзі қасиетті ел болса, даналар, әулиелер, ерекше қасиетке ие адамдар көп болған. Зерттелмей, ел аузында қалып қалғаны қаншама. Мінеки Қызылкөз әулиенің де басына кесені тұрғызылып, ел игілігіне беріліп отыр. Алла абыройларыңызды, ынтымақ бірліктеріңізді, мәртебелеріңізді асқақтата түссін ағайын!

Нұржамал МАЙУСОВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



шығып жатқан тоғыз бұлағы, қара талы бар. Тоғыз бұлақтың да суы емдік шипалық қасиетке ие. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда бәрі бір-бір кісінің бұлағы екен. Иелері бұлақ басына жерленіпті. Бейттерінің басын қалың шеңгел басқан. Олар Қоңыраттың Маңғытай руынан шыққан екен. Тарихи деректерде Қаратаудың қойнауын қуалай аққан Қарабұлақтың мол суын кезінде Ұлы Жібек жолындағы Қарасуан қаласының тұрғындары егіншілікке пайдаланғаны мәлім. Сондықтан Қызылкөз әулие маңында ескі жұрттың орны күні бүгінге дейін сақталған. Бұл арада талай тарихи оқиға орын алған. Осы жайдан хабары бар жергілікті халық ежелгі ата баба жұртына барып, құрбандық шалып отырады екен. Осы дәстүр бертін келе қуаңшылық жылдарын-



Созақ аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының 2023 жылғы
22 қыркүйектегі №222 хаттамалық
шешіміне қосымша

ХАБАРЛАНДЫРУ

Созақ ауданы әкіміне үміткерлердің сайлаушылармен кездесу кестесі (2023 жыл 5 қараша)

қ/с	Ауылдық округтердің атауы	Кездесу күні	Уақыты сағат	Өтетін орны
1	Шолақорған ауылдық округі бойынша	11.10.2023 ж	15:00	«Мыңжылқы» мәдениет сарайы
2	Жартытөбе ауылдық округі бойынша	15.10.2023 ж	10:00	Жартытөбе ауылдық клубы
3	Қымкент ауылдық округі бойынша	15.10.2023 ж	15:00	№1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне қарасты Қымкент ауылдық спорт кешені
4	Таукент кенті бойынша	16.10.2023 ж	10:00	Таукент кенті, Мәдени спорт кешені
5	Сызған ауылдық округі бойынша	16.10.2023 ж	15:00	Қозмолдақ елді мекені, Ауылдық клубы
6	Созақ ауылдық округі бойынша	13.10.2023 ж	15:00	Созақ мәдениет үйі
7	Қарақұр ауылдық округі бойынша	14.10.2023 ж	10:00	Қарақұр ауылдық округі, Ауылдық клуб
8	Қаратау ауылдық округі бойынша	14.10.2023 ж	15:00	Қаратау ауылдық мәдениет үйі
9	Жуантөбе ауылдық округі бойынша	12.10.2023 ж	15:00	Жуантөбе ауылдық округі, Ауылдық клуб
10	Тасты ауылдық округі бойынша	12.10.2023 ж	12:00	Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
11	Шу ауылдық округі бойынша	12.10.2023 ж	10:00	Шу ауылдық округі, Ауылдық клуб
12	Қыземшек кенті	13.10.2023 ж	10:00	Қыземшек кенті, Мәдени спорт кешені

Үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары (2023 жыл 5 қараша)

қ/с	Белгіленген орындар
1	Шолақорған ауылдық округі, Абай ауылы, Абай көшесі, 14А, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Иманов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
2	Шолақорған ауылдық округі, Балдысу ауылы, Балдысу көшесі, 56, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
3	Шолақорған ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Қарабұлақ көшесі, 21А, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қарабұлақ шағын жинақты бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
4	Шолақорған ауылдық округі, Жеткеншек ауылы, Жеткеншек көшесі, 8, Шолақорған ауылдық округі әкімі аппаратының «Жеткеншек» бастауыш мектебінің ескі ғимаратының жанында
5	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған ауылы, Жібек жолы-2 көшесі, 72, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
6	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған ауылы, Әлия Молдағұлова көшесі, 59, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
7	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 5, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимаратының жанында
8	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі-2, 28, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ерестік бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимаратының жанында
9	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған ауылы, Абылай хан көшесі, 1, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
10	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған ауылы, Абылай хан көшесі, 3, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
11	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған ауылы, Сұлтанбек Қожанов көшесі, 1А, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
12	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған ауылы, Тоқпанбетов Созақбай көшесі, 1А, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
13	Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе ауылы, Орынбек Мықтыбайұлы көшесі, №9 тұрғын үйге қарама-қарсы
14	Жартытөбе ауылдық округі, Бабата ауылы, Асайын Сайлаубеков көшесі, 5/4, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «М.Мәметова атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
15	Жартытөбе ауылдық округі, Аққолтық ауылы, Қ.Арқабаев көшесі, №12 тұрғын үйге қарама-қарсы
16	Қымкент ауылдық округі, Қымкент ауылы, Жылыбұлақ көшесі, 28, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
17	Қымкент ауылдық округі, Қызылкөл ауылы, Қ.Беркінбаев көшесі, 5, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Қызылкөл ауылдық клубы ғимаратының жанында
18	Қымкент ауылдық округі, Қымкент ауылы, Қызылқанат көшесі, 32, «Сезім» дүкенінің жанында
19	Сызған ауылдық округі, Сызған ауылы, Е.Алдасғырұлы көшесі, 14, «Сызғаш» дүкенінің жанында
20	Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ ауылы, Қ.Тоқмұхамедов көшесі, 32, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Қозмолдақ ауылдық клубы ғимаратының жанында
21	Сызған ауылдық округі, Қайнар ауылы, Адилбеков Жотабай көшесі, 29, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «А.Макаренко атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
22	Созақ ауылдық округі, Созақ ауылы, Сүлеймен Матенбаев көшесі, 31А, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Созақ жалпы орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
23	Созақ ауылдық округі, Созақ ауылы, Хален Тоқмұхамедов көшесі, 3А, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Науайы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
24	Созақ ауылдық округі, Көктөбе ауылы, Суыңдық көшесі, 130, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Суыңдық жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
25	Созақ ауылдық округі, Ыбырай Жаукебаев ауылы, Ынтымақ көшесі, 42, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
26	Созақ ауылдық округі, Созақ ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 39А, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№1 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимаратының жанында
27	Қарақұр ауылдық округі, Қарақұр ауылы, Үсенбай Датка көшесі, 27, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қарақұр жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
28	Қарақұр ауылдық округі, Раң ауылы, Раң көшесі, 1А, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Б.Батырбекова атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
29	Қарақұр ауылдық округі, Шаға ауылы, Шаға көшесі, 20Б, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «С.Бақбергенов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
30	Қаратау ауылдық округі, Қаратау ауылы, Жиенбет батыр көшесі, 3, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Қаратау ауылдық клубы ғимаратының жанында
31	Қаратау ауылдық округі, Ақсұмбе ауылы, Орталық көшесі, 23, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Ақсұмбе ауылдық клубы ғимаратының жанында
32	Қаратау ауылдық округі, Сарыжаз ауылы, 1 көшесі, 41, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Саржаз шағын жинақты негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
33	Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе ауылы, Төле би көшесі, 2, «Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы
34	Тасты ауылдық округі, Тасты ауылы, Қазақстан көшесі, 14, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Абай атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
35	Тасты ауылдық округі, Қылты ауылы, Қылты көшесі, 3, Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу қызығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны «Қылты» медициналық бекеті ғимаратының жанында
36	Шу ауылдық округі, Шу ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 2, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Марал бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимаратының жанында
37	Қыземшек кенті, 1 шағын ауданы, №23 көпқабатты тұрғын үйдің оң жағында
38	Қыземшек кенті, Тайқоңыр ауылы, Ақбикеш көшесі, 7, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны «Димур» клубы ғимаратының оң жағында
39	Таукент кенті, 1 ықшамауданы, 52, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
40	Таукент кенті, Ісмет Кеңесбаев көшесі, 136, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
41	Таукент кенті, І.Кеңесбаев көшесі, №165, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Болашақ бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимаратының жанында

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем тәзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуын жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба, «біртерезе» қағида-ты енгізілді. Мемлекет пен қоғам тығыз қарым-қатынаста болғанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы төтеп бере аламыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеп өсіру керек.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Кездесу соңында дөңгелек үстелдің қатысушылары бірауыздан қорытындыға келді, бұл күрестің жемқорлыққа жол бермейтіні шексіз болуы керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қанат АҚБАЕВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау подполковнигі.
Б.АЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Жарамсыз деп танылсын

Шолақорған ауылы Ә.Оспанов көшесінің бойына орналасқан **Калкабаев Кайсар Кайратовичтің** иелігіндегі тұрғын үйдің құжаттары (мемлекеттік акт, техникалық төлқұжаты және т.б.) жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Орының болсын жәннаттың кең төрінен



Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған **Мырзашев Ерторе Алдабергенұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Жаны жайсаң әкеміздің нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

*Мейір шуақ шашып өттің көңілден,
Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден.
Сыйлы едің көпшілік жүртті, туысқа,
Өнеге алып өтті ұрпақ өзіңнен.*

Енді Алла шапағына бөленіп,

Орының болсын жәннаттың кең төрінен, - деп, асыл әкеміз Ерторе Алдабергенұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 15 қазан күні (14 қазан – қонақ асы) Шолақорған ауылы, М.Мәметова көшесіндегі №49 өз шаңырағында беріледі.

*Асқа шақырушылар:
отбасы және бауырлары.*

Жұмақтан болсын мекенің...

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл ана, аяулы жар, отбасының ақылшысы болған **Шуақбаева Ырысты Әштайқызы** анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Бақыт шамын жақтың ана баршаға,

Жылу тапты ұл-қызың да қаншама.

Әруағыңа құрметті тұтып ас бермек,

Ниетіміз бар еді ана баршаға, - деп, асыл анамыз Ырысты Әштайқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 8 қазан күні (7 қазан – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Ә.Жынысбаев көшесіндегі №36 үйде беріледі.

*Асқа шақырушылар:
Шуақбаевтар әулеті.*

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 22-бабына сәйкес, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз қызіреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері

жемқорлық белгілері байқалған жағдайда сенім телефонына немесе құзырлы органдарға хабарлау туралы тақтайшалар орнатылып, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9-бабына сәйкес, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін жеке құрам арасында жемқорлық-

дардардың ұйымдардың квази сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауап-

Жемқорлық індет-жою міндет

мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті, - делінген.

Осыған орай Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінде арнайы жиын өткізіліп, бөлімнің басшысы Әбенұлы Бауыржан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы бекітілгенін және тұжырымдаманың негізгі бағыттарын түсіндіріп өтті.

Тұжырымдамада зардаптар мен күресетін сыбайлас жемқорлықтың алғы шарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, мекеме ғимаратында сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ, сыбайлас

қа тәзбеушілік орнату мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылып түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында, көрсетілетін қызметтер элетронды форматта көшірілуде. Мәселен, атап айтар болсақ кәсіпкерлік мақсатындағы жер учаскелерін беру, жер учаскелерін немесе жер учаскелерін сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы заңына сай жүргізілуде.

Мекемедегі қызметкерлерге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 22 бабы 1-1 тармағына сәйкес, Мемлекеттік орган-

тылықта болатыны ескертіліп, қолданыстағы Заң талаптарын әрбір мемлекеттік орган басшысы өз ұжымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында тұрақты түрде түрлі шаралар қыбылдап отырды, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге бағытталғанын, елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді тетіктерді қалыптастыру бойынша жүйелі шаралар қабылданып жатқандығын жеткізіліп, мекемеге келген өтініш және ұсыныс пікірлер мен келген әр бір азаматты әдепті әрі, сыпайы, дұрыс қабылдап сыбайлас жемқорлықпен барлығымыз бірге ұжым болып күресуге шақырды.

С.ТОҚАНОВА,
Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің бас маманы.

Төтенше жағдай бөлімі ескертеді

ПЕШҢІЗ ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?

Қазіргі таңда тұрғындар пештерді жылытудың әртүрлі тәсілдерін қолдануда, атап айтар болсақ газ, көмір-отын, дизель отыны және т.б. материалдарды пайдалануда. Пешіңіздің жылыту маусымынан алдын және жылыту маусымы кезінде екі айда кемінде бір рет міндетті түрде тазалап тұру керек. Себебі әртүрлі жанбай қалған заттар мен қалдықтардан мұржадағы түтін шығу жолдарына толып, түтін шықпай қалып, көмірқышқыл газынан уланып қалып жатады.

Пешті жағудан алдын және жағу кезінде төмендегідей өрт қауіпсіздігі ережелерімен талаптарын сақтаңыздар, атап айтқанда:

- пеш жағудан алдын міндетті түрде маманға мұржаңызды тазартыңыз;
- мұржаңыздың айналасына диаметрі кемінде 38 см етіп жанбайтын (темір және т.б.) затпен жасаңыз;
- пештің алдына кемінде 35 x 45 см етіп темір орнатыңыз ;
- пешті жағу кезінде бензин, керосин және т.б. тез тұтанғыш заттарды қолданбаңыз ;
- пештің айналасына жанғыш заттар (қағаз, мата, киім-кешек және т.б.) қоймаңыз;
- пешті жағып, қараусыз жас балаларға қалдырып кетпеңіздер;
- балаларға пеш жақтырмаңыздар;
- ескі көмір мен жаңа көмірді

бірге жинамаңыздар;
-көмір-отынды жинау кезінде өрт қауіпсіздігін сақтаңыздар;
Азаматтар өрт қауіпсіздік Ереже талаптарын сақтаңыздар!
Өрт бола қалған жағдайда 101-сымтізбегіне хабарлаңыздар!

Мағжан ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.
Б.АЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Орман өртіне абай болайық!

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десеңіз, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкәздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамазға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызың орындалғаны болар еді.

Е.САМЕТ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшысы.

Сексеуіл ел байлығы

Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сексеуілді қорғау жөнінде сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бейжай қарамай өз қол ұшын беругі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәл пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Ж.АЛЖАНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Талаптың мінген тұлпарын

Сағыныштың сарғайған жалырағы

Малика қарындасымыздың жырқұмар ақын екендігін аудан көлемінде өткен мұшайралар мен түрлі мәдени шараларда көріп, байқап жүреміз. Одан бұрын осы Қайнар ауылында өзім шаруашылықта қызмет еткен жылдары Маликаның ата-анасымен бірге шаруашылықтың бір шетінде жүрістік. Әлиқамбар мен Нәзира қарапайым еңбек адамдары болды. Осындай тәрбиелі, еңбекқор, өнегелі отбасыдан шыққан қыздың өнерлі, ақынжанды, білімді болуы заңдылық. Мен білетін Малика Алихамбарқызы сол Қайнар ауылындағы А.С.Макаренко атындағы мектепті бітірді және жоғары оқу орнын қызыл дипломмен тәмамдап өзінің туған ауылына келіп, өзі оқыған мектепте қызмет атқарып жатыр. Ол да болса Маликаның ауылға, елге деген жана-шырлығынан болса керек. Бүгін мен Маликаның бір топ өлеңдерін аудандық басылым бетіне жариялауға ұсына отырып, ақын қарындасымызға шығармашылық шабыт пен еңбегіне толассыз күш-қуат тілеймін. Қанатың талмасын қауырсын қаламды қарындасым!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.



Түркістан сенің топырағыңнан уыстап,
Мойныма бүгін тағып алғанмын тұмар ғып.
Жер үшін шауып, жауынгер жанын қиыпты,
Оларға бүгін күмбездер биік құйыпты...
О, Түркістан көріп тұрғаны жоқ бүгін
Күмбездеріңнен биікті.
Сен ұлысың, мен қызыңмын Түркістан,
Сен жыраусың, мен жырыңмын Түркістан.

СТУДЕНТТІК ӨМІР

Естен кетпес студенттік шақтарым,
Айтар әркез қызық, думан, тәтті әнім.
Оқу-білім, ғылым жолын ұсынар,
Сенен артық ғажап кезді таппадым.

Әр сабақты оқып жүрміз зейінмен,
Білгір маман болып шығам кейін мен.
Жан дүниесін назарға алып адамның,
Сырласамын әрбір жанмен пейіл кең

Шымқаланың бетке алып шырайын,
Өмір-тартыс, бәсекелес күн-айым.
Кереметтей өткіземін әр сәтін,
Қызыл диплом қолға алып ылайым.

Группалас қыздар менен табысып,
Жаңа сабақ, әр тараумен танысып.
Қызығы мен шыжығы бір жүретін,
Күн менен ай алмасады, жарысып.

Намыс бермей жарыстарда тайталас,
Өткіземіз күнімізді көңілді.
Сабаққа ба үлгеретін қарбалас,
Мен сүйемін студенттік өмірді!

ДАРА АҚЫН

Сөзак десе еске түсер ақындары,
Ақын деген халықтың жақындары.
Шабыт келсе шырқатар өлеңімен,
Жырларымен ұлы елге жақын бәрі.

Туылған соң Теріскейдің маңайын да,
Айналама көз салып қарайын да.
Бұл Сөзактың ақиық ақынына,
Өлеңменен жол салып барайын ба?!

Теріскейдің жыршысы тарлан бозы,
Сөзакымның ақыны нағыз өзі.
Толғаулары теріскей деп толқығанда,
Өңмеңіңнен өтеді әрбір сөзі.

Сырлы Сөзак күә боп сырларыма,
Мен беріп сайы менен қырларына.
Сипаттап тауы, тасы өзендерін,
Жазатын өлең қылып жырларына.

Жамандықты жаман деп жиренемін,
Сізді оқысам керемет күйге енемін.
Сөзакты қалай сүю керектігін,
Сіз секілді ақыннан үйренемін.

Мойныма жырдан алқа тағынғанда,
Өмірге мойынсынып бағынғанда.
Мына сіздің жырыңызды оқып жүрем,
Шетте жүріп Сөзакымды сағынғанда.

Теріскейде тәнті етіп жараңыздар,
Сіз секілді ақындар дара аңыздар.
Сөзакты тану үшін ең алдымен,
Өскен ата өлеңіне қараңыздар.

Малика ЕРГЕШОВА,
Қайнар ауылы.

Жалпы мұғалім деген сөздің ішінде қаншама педагогикалық ұғымдар жатыр десеңші. Оқыту мен мұғалімдер адамзатқа ерте заманда-ақ таныс бола бастағанымен, тек жаңа қоғамда, жаңа заманда мұғалімдік ең жақсы таралған мамандықтардың бірі бола бастады. Жүз жыл бұрын халықтың көп бөлігі, тіпті Еуропалықтардың өздері де білім беру мәселесін халықтық және отбасылық педагогикамен шешуге тырысқан бола-

тынсарин балаларды үйінде оқытқан болатын. Ойлана келе мектептің қатты қажет екенін түсініп мектеп ашуға талпынған ұлы тұлғаларымыздың бірі бірегейі. Сол кезден бастап ұстаз, мұғалім деген түсінік халық арасында қалыптаса бастады десек те болады.

Қазіргі заманның мұғалімдері-әр алуан. Қателеспесем осыдан 10-жыл бұрын мұғалім деген түсінік үй арлаушы, қоғамдық жұмыстарға ең бірінші қатарда

Қадірлі мұғалім

тын. Ал нағыз білім беруге қарапайым халықтың жағдайы келе қоймағаны бізге белгілі. Білім алуға арнайы адам жалдауға адамдардың тек аз бөлігінің ғана патшалар, ақсүйектер сияқты қолы жеткендер немесе арнайы мамандықтар қатты керек болған жағдайларда ғана оқыту туындаған болатын. Әр заман тұсында оқыту міндеттері әр-түрлі адамдарға жүктелді; тәрбиешілерге, молдаларға, мұғалімдерге деген сияқты. Мұғалім қай ғасырда болсын мұғалім деген адамның орны ерекше болып келетіні бізге түсінікті жайт.

Жалпы мұғалім әлемдегі бірінші ұстаз. Мұғалім деген ұғымды қалай түсінугізге болады? Мұғалім әр ғасыр өткелінде де өзіндік орны бар қоғам мүшесі. Ерте замандардың өзіңде мұғалім тұрмақ сөйлеу тілі шықпаған кезде, ең бірінші жазу тілі шыққан болатын. Осы жазу тілінің өзінің біз зерттейтін болсақ адамдар жазу тілін шығарып, сол жазуды үйрету үшін осы біздің педагогикалық жүйеміз сәл қылтанақтай болсын бастау алды десек қате айтпағанымыз болар еді. Жазу тілі ерте замандарда пайда бола бастады және оны бір-біріне ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп жазу тілінде, сөйлеу, тілінде қалыптастырып отырған. Ол замандарда да өз ұстаздары болған. Заманнан-заманға ілесе келіп біздің қоғамға да дін, ислам діні келе бастады. Ислам діні ең ерекше хақ дін. Соған орай қазіргі тілмен айтсақ имам жүйесі қалыптаса бастады. Бұл имам деген сөзді біз неге алып ойтрмыз? Өйткені біздің ата-бабамыз берідегі білетін біздің ұлы тұлғаларымыздың өзі осы біз айтып отырған имам, молдалардан сауатын ашқан болатын. Мектеп жоқ, арнайы оқулықтарда басылып шықпаған кезде осы біздің ата-бабаларымыз сауатсыз болып қалмасын деген оймен молдалар сауатын ашқан болатын. Қазіргі тілмен айтқанда ұстаз мәртебесі. 1864 жылы алған мектеп ашқан ағартушымыз Ыбырай Алтынсарин болғаны белгілі. Ашуына себеп болған бірінші кезде Ал-

шығушы, сайлауларда ең бірінші қызметші бітпейтін қағаз бастылық тағы-тағы бар бәрі-бәрі мұғалімнің арқасында жүк болды. Сол себептен, өсіп келе жатқан жас ұрпақ мұғалімді қоғамда жай жүрген адам секілді көрінетін. Ал қазіргі кезде, қазіргі сәтте мұғалім, ұстаз деген мамандық иесінің абыройлы, үздік шәкірттерімен, жақсы жалақысы мен көзге ілініп отқан жайы бар. Мамандық таңдайын деп отқан жас түлектердің өзімен сөйлесетін болсаң жартысынан көбі ұстаздық қызмет істегісі келетіні біз байқай аламыз.

Ұстаз қай заманда болсын абыройлы, даңқты қателесуге болмайтын қоғам мүшесі болып көрінеді. Әрине қателеспейтін пенде де жоқ. Бірақ ұстаз деген ұлы тұлға, ұлы жан, ұлы іс.

Мұғалім әрқашан мейірімді, қамқор білім бойына сіңген адамзат болуы тиіс. Өкінішке орай ондай бола алмай жатқан, мұғалім деген статуска кір келтіріп жатқан жайттарды да біз жиі естейміз, жиі көреміз. Әрине ондай жайттарда балаларға жақсы тәлім-тәрбие болмайтыны белгілі. Ұстаз деген түзу жолда қадам басатын, шәкірттеріне сол жолмен артынан жүргізетін адам. Ол жолдан өзі тайқып шықса артындағы бәр шәкірті қателіктерге ұрынатыны белгілі. Ұстаз білімді болмай, шәкірттерінен не қайыр? Не үміт? Біздің қоғамда да сайрап жататын іздермен жолдардан, бағдаршам секілді, көшіңнен тоқтатын кейбір жандарда ішінен табылатыны өкінішті.

Ұстаз шәкіртіне білім нәрімен сусындатын білімгер адам. Бала кішкентай, мектеп жасына келгеннен бастап әрине бірінші алдынан әріп деген не екенің үйрететін, жас баланың сауатын ашатын қанша әріп, қанша тыныс белгісі бар, ең бастысы өзіннің қай тілде сөйлеп жүргенің үйрететін әрине аяулы ұстазы. Бір әріп үйреткен ұстазға қалайша басыңды иіп тағызым етпеске. Ұстаз деген ұлы тұлға, ұлы жан.

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ.

АУЫЛҒА САҒЫНЫШ

Достарым-ау жақсы екен атырап қай,
Томсарамын, таңдарым жатыр атпай.
Жай алдында түнерген бұлттаймын,
Сағыныштан сарғайдым жапырақтай.

Туған жерге ынтық қой қашан да адам,
Бал шырын суын ішіп шашалмағам.
Сары аурудай сарғайтты сағынышым,
Аяулы ауылыма қашан барам.

Қашан барам, сағындым қайда бәрі,
Мал дауысы, қазанның қайнағаны.
Барғанымда бестіні дайындаңдар,
Достарменен шарлайын айналаны.
Сағындым ғой ауылдың қайран әні.

КИЕЛІ ТҮРКІСТАН

Жақпар тастардың жаратылысындай беріктім

Жұпарлы гүлдің күлтесіненде көріктім,
Қырандай құстың қанаттарындай еріктім

О, Түркістан топырағың қасиетті,
Алатау басын иемейді дейсің келіп кім?
Мың сан қолды да жусатып салған батырым,

Тасынған ханды тоқтамға салған ақыным,
Қазақтың басын, біртуға жиған жақынғым,
О, Түркістан алпауыттарды толғатқан,
Киелі сенің жатырың.

Жылтырға көнбес, жасампаз ата жарлығым,
Бабаларымның қарашығындай, барлығым,
Көшпенді жұрттың рухын көтерген хандығым,

О, Түркістан ұлылығыңа таң ғалам,
Бойыңа қалай сыйдырдың екен барлығың.
Саусағы сұлу, бұйымы сәнді шеберім,
Керегесі елдің, кеңестер құрған кемелім,
Өзгермей жеткен, өресі биік өлеңім,
Еһ, Түркістан биіктемесе ешқашан,
Төмендемейді беделің,
Бабалар жауға,
Абылай шапқан ұран ғып,
Жерменен жаны үйлесім тапқан сыңарлық.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Сөзак үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Ағыл тілші:
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер:
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы:
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші:
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші:
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай